

2021-2022 оқу жылына арналған Алматы облысы бойынша бюджет қаражатының көлемдері шегінде балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 368 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылы 18 қазанда № 24799 болып тіркелді

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 8-4) тармақшасына сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2021-2022 оқу жылына арналған Алматы облысы бойынша бюджет қаражатының көлемдері шегінде балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. "Алматы облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің орынбасары Б. Байжұмановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі

А. Баталов

2021 жылғы 12 қазандағы № 368 қаулысына
қосымша

2021-2022 оқу жылына арналған Алматы облысы бойынша бюджет қаражатының көлемдері шегінде балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы

№ п/п	Қосымша білім беру бағыттарының түрлері	Білім алушылардың немесе тәрбиеленушілердің саны	Айына бір білім алушыға немесе тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны, теңге
1	Көркем-эстетикалық	15 373	14 234
2	Ғылыми-техникалық	748	14 234
3	Туристік-өлкетану	1 825	14 234
4	Музыкалық аспаптық (мамандандырылған)	847	32 451
	Барлығы	18 793	75 153

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК